



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- діни бірлестіктердің басшыларымен табысты диалог жүргізу үлгілерін табу және тарату;
- бұл сұрақтың өзектілігіне байланысты мемлекетте діни мұраны зерттеу үшін білім беру, материалдарды зерделеу, әдістемелер мен оқу бағдарламаларын құруға қатысты институт құру сұрағын қарастыру; бұл оқу бағдарламалары түрлі діндер өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта жасалуы тиіс;
- бастапқы мұғалімдер даярлауына жағдай жасау және кейіннен теңгерімдерін ескере отырып, олардың біліктілігін арттыруға ықпал ететін барлық діни қайраткерлері жайында, дін ағымдары жайлы, олардың тарихы және адам құқықтары саласындағы дайындауды күшейту;

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтхожин К. Межконфессиональное согласие в Республике Казахстан: правовые аспекты // Взаимодействие религий в Республике Казахстан: Сб. материалов республиканской научно-тоеретической конференции. – Алматы, 2006. – 262 с.
2. Материалы международной научно-практической конференции «Изучение зарубежного опыта гармонизации межконфессиональных отношений». – Алматы, 20-21 июня 2007. – 90 с.
3. Иванов В. Создание благоприятных условий для межконфессионального согласия и диалога – важное направление государственной политики в области религии в РК // Взаимодействие религий в Республике Казахстан: Сб. материалов республиканской научно-тоеретической конференции. – Алматы, 2006. – 262 с.
4. Лейпхарт А. Демократия в многосоставных обществах: сравнительное исследование / пер. С англ., под ред. А.М. Соломина, Г.В. Каменской. – М., 1997. – 287 с.
5. Назарбаев Н.А. Процветание, безопасность и улучшения благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зубин Димарал Бахтанқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1-курс студенті. Ғылыми жетекшісі:
з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.

Түйіндеме

Қазақстан Республикасының білімінің дамуына жаңа әдістерді қарастыру, жаңа қырынан қарастыруды көздеген. Қолданыстағы білім туралы заңдарды қолдана отырып, білім беру саласының өткені мен болашақ шолуларына тоқталып өткен.

Кілттік сөздер: Білім, орта білім, жоғары білім, білім сапасы, тіл.

Білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді қолға алған Елбасымыздың бастамасы Қазақстан халқына үлкен серпіліс әкелуде. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы ақпан айындағы Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», – деген тұжырымы, XXI ғасыр деңгейінде жан-жақты сапалы білім беруді бірінші орынға қояды. Бүгінгі таңдағы әлемдік бәсекелестік заманда әрбір оқушының білім сапасын, қабілеттілік деңгейін анықтайтын жеке тұлғаны дамыту мәселелері күн тәртібінде өз өзектілігін жойған жоқ, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда әрбір мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторына айналды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үрдісі заман талабы және Қазақстан Республикасында ақпараттандыру бағытының ең маңызды әлеуметтік-экономикалық жалпы мемлекеттік мәселенің бірі болып табылады [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру

ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Дүниежүзілік экономикалық форум XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Олар:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б. [1].

Білімі жоғары адам ғана табысты өмір сүре алады, себебі ол білімінің жоғары деңгейде болуының арқасында өз мамандығын салыстырмалы түрде оңай өзгерте алады.

Білім ғұрпы жалпыға бірдей болуы тиіс. Әр қазақстандық күнделікті өзгеретін әлемде, ол білімінің деңгейі жоғары болған кезде ғана бейімделе алатынын түсінуі тиіс. Басымдықтар жүйесінде білім алу бірінші орында тұруы тиіс. Білім алу әсіресе жастар арасында табыстың берік факторымен байланысты болады. «Жеті жұрттың жеті тілін біл» дегендей қазіргі таңда Қазақстанда сапалы әрі бәсекеге қабілетті білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Қазақстандық білім жылдам бейімделе және қайта бейімделе алатын жаңа ұрпақты қалыптастыруға бағытталған [2].

Елімізде білім сапасын арттырып, болашақта еңбекқор мамандар дайындау мақсатында Білім және ғылым министрлігі үнемі білім жүйесіне жыл сайын өзгеріс енгізіп отырады. Олар: Ғылымға кіріспе сабағының барысында оқушылар табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырып, болашақ өмірде қажет болатын ерекше қасиеттерді қалыптастырады, - деп хабарлайды Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі және орта білім департаменті директорының орынбасары Жанабай Абуов.

Бірінші сынып оқушылары өнер пәнін өтеді. Бұл пәннің аясында шенеуніктер өнер мен еңбекті селбестіре білді. Оқулық авторлары музыканы да кіргізгісі келген. Алайда педагог мамандар әзірге сурет салу мен өлең айтуды оқушыларға ауырлық түспейтіндей етіп өткізу тәсілін ойлап таппады. Жоспарға сәйкес жаңа пән 2016 жылдан бастап өтіледі. Екінші- үшінші сыныптарда «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні өтіледі. Атауы ұзақ пән компьютерді пайдалануға дағдыландырып қана қоймай, ақпаратты қалай өңдеу керектігін де үйретеді. Информатикаға ұқсас пәнді оқушылар 2017-2018 жылдан бастап меңгере бастайды. Абуов мырза: - Бұл жерде баланы жастайынан сапалы ақпарат таңдауға үйретіп, артынша оны кесте, графика, диаграмма түрінде көрсету мәселесі сөз болып отыр, - деп анығырақ айтып кетті. Физика, химия, биология пәндері бесінші сыныптан бастап өтіледі. Шамамен 2020 жылдан бастап бесінші сынып оқушылары қазір жетінші сыныптан бастап өтіліп жүрген пәндерді меңгере бастайды. Ұлттық білім академиясы орта білім институтының директоры Марьям Мұқатова: - Мұндай ұсыныс кездейсоқ түскен жоқ. Оқушылар жаратылыстану пәнін бір жыл оқып, физика, биология, химия пәндерін екі жылдан кейін ғана өте бастайды. Арадағы үзіліске бола оқушылар оқыған материалдарын ұмытып қалады. Мұндай болмасын деген ниетпен аталған пәндерді бесінші сыныптан бастап меңгеруді ұсындық. Жоғарғы сынып оқушыларын да өзгерістер аз емес. Ол өзгерістер туралы көп айтылуда. Десе де әлі толық өңделіп үлгермеген. «Жаһанды келешек», «жоба қызметі» атты пәндер өтіледі. Ұлдар мен қыздарды аталған пән аясында не нәрсеге үйрететіндігі әзірге белгісіз. Алайда екі пәннің оқушыны ЖОО-ға дайындау мақсатында енгізілетіндігі анық. Өздігінше ойлауға, ғылыммен айналысуға, жинақтаған білімін тәжірибе жүзінде қолдануға үйретеді. Міндетті пәндердің саны азайтылады. Жоғарғы сынып оқушылары оқығысы келетін пәндерін өздері таңдау мүмкіндігіне ие болады. Кей сабақ ағылшын тілінде жүргізіледі. Шенеуніктердің айтуынша, оқушылар жаратылыстану-

математикалық бағыттағы пәндерде көбірек «сайрайтын» болады. Мұнымен қатар, бірінші сыныптан бастап оқытылатын ағылшын тілі ерекше әдіспен өтіледі [3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім алуы, даму бұзылыстарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді. Ата-аналар қоғамдастығында адамгершілікті, толеранттылықты тәрбиелеу мақсатында инклюзия тәртібінде білім алушы ерекше білім беруді қажет ететін балалар бойынша әр мектептің әкімшіліктері жылына бір рет әр параллель сыныптарда барлық адамдарға бірдей қарым-қатынас жасау қамтамасыз етілетіндігі, алайда денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше жағдай жасау қажеттілігі туралы және инклюзивті білім берудің идеологиясын түсіндіру мақсатында ата-аналар жиналысын өткізу ұсынылады [1].

Ғылым және білім 2018 жыл, білім берудің сапасын арттыруда Ерсұлтан Бектұрғанов, Парламент Мәжілісінің депутаты айтып кеткен болатын: Елбасы өзінің Жолдауында білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұны шеңберінде оқытуға көшкен мұғалімдердің жалақысын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 30%-ға көтеру міндетін белгіледі. Елбасы, біздегі оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары болып отырғанын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріне қарағанда да көп екенін ескеріп, оны төмендетуді тапсырды.

Қазіргі таңда мектеп оқушысының апталық оқу жүктемесін азайту бес күндік оқу аптасына кедергісіз көшуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Осы бағыттағы жұмыс барысында мектепте оқытылатын негізгі пәндер бағдарламаларының мазмұнының қысқармауына, оқушылардың білім сапасының төмендеуіне жол бермеу мәселелерін Білім және ғылым министрлігі басты назарға алуы тиіс. Бұл ретте, оқушылардың оқу жүктемесі қысқарған кезде мұғалім санының да қысқаратындығын ескерген жөн. Сонымен қатар мұғалімнің жаңа заман талабына сай шығармашылықпен жұмыс істеуіне барынша мүмкіндік беру үшін және олардың жауапкершілігінің артуын ескере отырып, «Білім туралы» заңның 52-бабында көрсетілген 18 сағаттық мұғалім жүктемесін азайтып, заңға тиісті өзгерістер енгізу қажет немесе осы норманы заңнан алып Үкіметтің білім беру саласындағы құзыретіне беруді жөн деп есептеймін. Сонымен қатар мектеп бітірушілерінің жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу нәтижелерін отандық жоғары оқу орындарында тану және орта білім деңгейі мен жоғары білім беру деңгейінің сабақтастығын қарастыру қажет. Осы мәселенің барлығы мұғалімнің мәртебесін арттыруға және педагогтарды өздерін ұдайы жетілдіруге ынталандыратын бірден-бір құрал екендігі айқын. Сондай-ақ жоғары білім беру мәселесі де Елбасының ұдайы назарында. Жолдауда атап көрсетілген жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесінің маңызы зор деп санаймын. Қазір Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобы еліміздегі «Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері туралы» заң жобасын қарастыру үстінде. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 78-қадамына сәйкес, Назарбаев университетінің тәжірибесі негізінде ЖОО-ның академиялық және өзін-өзі басқаруын кеңейту, сонымен қатар халықаралық тәжірибеге сәйкес жекеменшік жоғары оқу орындарын коммерциялық емес ұйымдарға ауыстыру мәселесі көзделген. Заң жобасы қабылданғаннан кейін жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі халықаралық аккредиттеу органдарының талаптарына сай келетін білім берудің жаңа бағдарламаларын сапалы жасауға қолайлы мүмкіндік береді [4].

Үш тілде оқыту туралы. Үш тілде білім берудің негізгі стратегиялық мақсаты - қазақстандықтардың бір уақытта үш мақсатты тілді халықаралық стандартқа сай меңгеруіне қажетті жағдай жасау, нақты айтқанда:

-қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білу, ол азаматтардың үйлесімді бірлесуіне ықпал етеді;

- орыс тілі, қазақ тілімен қатар қолданылатын ресми тіл ретінде;
- ағылшын тілін әлемдік экономикаға бірігу құралы ретінде үйрену.

Мектептердің үш тілде оқытуы бойынша дайындығын анықтау үшін 2018 жылы мониторинг өткізу жоспарлануда. Осыған дайын мектептер 2019 жылдан бастап белгіленген пәндерді ағылшын тілінде беруге құқығы бар. Сонымен бірге, білім алушылар мен ата-аналар өз қалауларын білдірген жағдайда ғана, ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылады. Мұны қаламаған білім алушылар бұл пәндерді оқыту тілінде оқиды [1].

Қазақстан мен Өзбекстан білім саласында әріптес болады. Өзбекстанның жоғары оқу орындары мамандарды Қазақстанның білім мекемелерімен бірге дайындауға әзір. Бұл туралы Өзбекстанның жоғары және орта арнайы білім министрі Ином Мажидов қазақ елшісімен кездесуден соң мәлімдеді. Екі мемлекет сұранысқа ие мұнай химиясы және агроөнеркәсіп салалары үшін маман дайындауға ерекше назар аударып отыр. Жастарды оқытып қана қоймай, профессорлық-оқытушы құрам арасында байланысты арттыру көзделуде. Қазақстандағы жоғары оқу орындары базаларының бірінде технопарк құрылады. Сонымен бірге дипломдарды мойындау механизмі жеңілдетіледі.

«Дипломдарды мойындаудың, ностратификациялаудың стандарт шаралары бар. Бұл мәселеде көп қиындық бола қоймас. Қазақстан және Өзбекстан оқу орындарында білім алып жатқандарды жұмыспен қамтуда қиыншылық болмайды», - деп мәлімдеді Ином Маджидов.

Қазірдің өзінде шамамен 20-ға жуық ғылым мекемелері әріптестік туралы келісімдер қабылдады. Жақын уақытта екі елдің жоғары оқу орындарының ақпараттық орталығын ашу көзделген. «Бұл ретте бірлескен ғылыми жұмыстарға ерекше назар аударылады. Мұнай химиясы, аграрлы секторда Қазақстанның да, Өзбекстанның да тәжірибесі мол», - деді Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Ерік Өтембаев [5].

2017-2018 жыл Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласында алатын орны ерекше. Солардың бірі Латын әліпбиіне көшу – тіліміз үшін жасалған игі қадам ретінде қарастыру мәселесі.

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» [4].

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Зәуре Арынова, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының кіші ғылыми қызметкері өз пікірін айтып өткен болатын.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі туралы пікірлер мен ұсыныстар көп. Солардың бірі: Бекен Сағындықұлы: - Иә, бұл мәселе осыдан 5 жыл бұрын көтерілген еді. Содан бері санамызда «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой сақталып келді. Бүгін сол үкілі үміт сәулесінің куәсі болып отырмыз. Бұл жазу - елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білемін. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда 10 жылдай уақыт салтанат құрды.

Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады, яғни, болашағы зор. Сондықтан да, Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

Айман Зейнуллина: - Елбасының мақаласында көтерілген латын әліпбиіне көшу мәселесі өте өзекті әрі орынды. Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек десек, біріншіден, латын графикасына өтудің оңы мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, кейбіреулер компьютердің көмегімен барлық дүниені латын әліпбиіне көшіре салуға болатынын айтады. Біздің ойымызша, бұлай жеңіл жол іздеген дұрыс емес. Мазмұнды оқулықтар мен әдебиеттің барлығын 100 пайыз сауатты етіп аударып шығу қажет. Өйткені, кезінде араб әрпінде жазылған небір әдебиеттер әлі күнге дейін шаң басып жатыр. Себебі, біз оларды оқи алмай, қиналдық. Ал латын әліпбиіне көшетін болсақ, кешегі, бүгінгі рухани дүниелеріміздің бәрін сауатты қалпында аударып алсақ, кейінгі буын трагедияға ұшырамайды. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн. Яғни, бірізділік, ортақ қағида болуы шарт. Өйткені, латын графикасында жазғанның жөні осы деп әркім өз білгенімен әр түрлі таңбаны қоя берсе, мұның соңы сауатсыздыққа әкеліп соғады. Осының алдын алу қажет. Төртіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән - каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет. Мұны тез арада қолға алған жөн. Сондай-ақ, латын қарпін сауатты жазатын, оқитын мұғалімдер дайындау қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың бәрін тез арада тиянақты атқара білсек, ұтарымыз мол болмақ.

Ербол Қайыров: - Жасыратыны жоқ, өз басым латын әліпбиіне көшуге әлі үрке қараймын. Десе де, нақты шешім қабылданғаннан кейін оның жүзеге асуына көпшілік болып атсалысуға міндеттіміз. Кезінде солақай саясаттың салдарынан халықтың мәдениеті, әдебиеті, тілі жойылып кетуге шақ қалғанын тарихтан білеміз. Сондай зұлмат замандарды басынан өткерген кейбір ұлы тұлғаларымыздың шығармалары мен қолжазбалары бізде сақтаулы тұр. Мұндай мол мұраларды жас буынның кәдесіне жаратып, ғұмырлы ету үшін келешегі кемел латын әліпбиіне көшудің және шығармаларды сауатты аударудың маңызы зор деп білемін. Осы жолда көп жұмыстар атқарылуы қажет. Біз, музей қызметкерлері бұл бағыттағы іс-шаралардың барлығына біркәсідей қолдау көрсетуге, қолдан келгенше тер төгуге әзірміз [5].

Қорыта келе «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу - заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда.

Білім саласындағы мемлекеттің саясаты дұрыс болғандықтан мемлекеттік бағдарламалар енгізіліп отыр. Білім саласын реттейтін заңнамалар да жетілдіріліп келеді. Дегенмен орта білім мен жоғары білім саласындағы тоқтаусыз өзгертулер мен толықтырудар енгізу арқылы бізге баланың қолындағы ойыншық тәрізді көрініп келеді. Әр бір жаңа келген министір өзінің жаңа тың идеясымен әр түрлі жобаларды ұсыну арқылы өзгерістер енгізуге құштар. Біздің ойымызша бұндай үрдіс жалпы сауатты халықты сауатсыздыққа итермелейтін әкімшілік тетік немесе салық төлеушілердің қаражатын әйтеуір қымқырмады деп айтпасын деп жасап отырған айла тәсілі ретінде көрінеді. Өйткені тоқтаусыз өзгерістер халықты әбден әбігерге салып болды. Ал ЖОО ОПҚ қағазбастылықтан құтылатын жарқын күннің ауылы әлі алыста секілді. Біз электронды цифрлық үкімет пен басқарудың барлық деңгейі мен халыққа қызмет көрсету мекемелерін қамтамасыз етіп жатырмыз деп ақпарат бергенде алдымызға

жан салмаймыз. Ал шынтуайтында қағазбастылыққа қоса оның электронды үлгілерін жасау да қосымша жұмыс пен уақытты алып отыр. Білім беру жүйесінің автоматтандырылған толық жүйесі алдыңғы қатарлы елдердегі университеттерде барлығы автоматтандырылған ал біздегі платон жүйесі өте шала толық қанды жұмыс жасамайтын жүйе. Осындай ақырына дейін бітпеген жартылай жобаларды арзандау деп қомақты ақшаға сатып алып соңғы нәтижеге қол жеткізе алмай келе жатқанымызға жиырма жеті жыл болыпты. Қазақта «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» - деген мақалы бекер айтылмаған тәрізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы "2017-2018ж оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы".

2 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту», Егемен Қазақстан 26.04.17ж.

3 Бүйенбай Қ. "Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі өзгерістер", 21 сәуір 2015жыл.

4 Назарбаев Н.Ә. Елбасы Жолдауы, Егемен Қазақстан 26.01.18ж.

5 Нұржайна Шодыр, Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің тілшісі, "Латын әліпбиіне көшу: мәселе, пікір, ұсыныс", 17.05.17ж.

ЖАҒАНША ДОСМУХАМЕДОВТІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Ильясова Сымбат Армановна

Құқықтану-45

Armanovna_s@mail.ru

Жетекші:з.ғ.докторы,профессор Абрасулов Ермек Баяхметович

Жаханша Досмухамедов Алаш орда концепциясында және Батыс бөлімін құруда негізгі орынды заңгер ретінде алады.Алашордашылардың негізгі идеологиясы тек жалпыдемократиялық,гуманистік,либералдық қағидаларға бағытталған.Қазақ зиялыларының негізгі идеялары «Алаш» партиясының бағдарламасында іске асты және Алаш орданың Батыс бөлімін құруда Ж.Досмухамедовпен жүзеге асты.ІІ Бүкілқазақ съезінде Алаш көшбасшыларының уақытша автономия жариялау туралы идеяларындағы айырмашылық және Ж.Досмухамедов пен оның жақтастарының Қазақ автономиясын және қарулы күштерін жариялау туралы анық позициясын көрсетеді.1918 жылы 18 мамырда оның басшылығымен өткен жымпиты съезінде 7 адамнан тұратын Уиль уәліятының құрылғандығы жарияланды.ал қаңтарда Қаратөбе съезінде қазақ халық милициясын құруды мақсат етті.Жымпиты съезінде әскери билікпен әскери-саяси келісім жасалды,оған Облыстық жергілікті кеңестен төраға Х.Досмухамедов,депутат Попов,кеңес мүшелері-Д.Кусепкалиев,К.Жаленов,И.Топаев қол қойды.Бір кездері Ж.Досмухамедов ашық саяси әрекеттер жүргізуді жөн көрді,ол қол қойылған келісілісімді ұлтты сақтап қалу үшін жасалғанын білсе де құптамады,сондықтан казактар бұл құжаттың пайдалылығына сендіргісі келсе де қол қоймады.Қазақстан аумағында болған большевиктер мен ақтардың қарсыласуы,казактардың басып алуы бір орталықтан басқаруға жол бермеді.Сондықтан 1918 жылы 11 қыркүйекте Алаш орданың төрағасы Ә.Бөкейханов Алаш автономиясының Батыс бөлімінің төрағасы болып сайланған Ж.Досмухамедовке «Алаш Орданың батыс бөлімін басқару»туралы хаттамаға қол қойылды.Алаш орданың Батыс бөлімінің ресми аты және ұйымдық-құқықтық формасы ортасында «Алаш-Орда» деген жазуы бар және «Алаш» автономиясының Батыс бөлімін басқару» деген дөңгелек мөрмен белгіленді.

Ж.Досмухамедовтың мемлекеттік-құқықтық идеялары призма арқылы оның жалпы саяси әрекеттерінен көрінді.Алаш Орданың Батыс бөлімінің төрағасы ретінде ол Қызыл